



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 31/675  
31 июля 2020 года

## Вестник

### ТОҚАЕВ КАРАНТИНДІ ТАҒЫ ЕКІ АПТАҒА ҰЗАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлайды Kazpravda.kz ҚР Президентінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Премьер-министр Асқар Мамин Президентке 5 шілдеден бастап елімізде қатаң карантин шаралары енгізілгеннен кейін індет жұқтырушылардың саны 29 пайызға төмендегенін баяндады. Бір күнде індет жұқтыратын адамдардың саны 1500-1600 аралығында тұрақтаған.

Стационарлардағы емделушілердің қатары 43 пайызға, оның ішінде, реанимациялық палаталардағы науқастар саны 27 пайызға азайған. Сауығып шыққандардың саны 63 пайызға дейін өскен. Жедел-жәрдем шақыру жағдайы төмендеген. Осылайша денсаулық сақтау жүйесінің негізгі жүктеме көрсеткішін төмендетуге қол жеткізілген.

Сонымен қатар Асқар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа дертке шалдығу және адам өлімі, медициналық көмектің қол жетімділігі мен сапасы, халықтан тест

сынамасын алу деңгейі, интенсивті терапия және реанимация палаталарының қажетті



дәрі-дәрмектермен, медициналық құрал-

жабдықтармен қамтамасыз етілуі секілді негізгі көрсеткіштер бойынша өңірлердегі

ахуалға жүргізілген күнделікті мониторинг

жайында мәлімет берді.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Мемлекет басшысына инфрақұрылым нысандарының эпидемиологиялық ахуалға және экономикаға әсерін ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету жолдарын баяндады.

Мемлекет басшысы коронавирус індетіне шалдығушылардың және соның салдарынан болатын өлім-жітімнің көрсеткішін одан әрі төмендетудің аса маңызды екенін атап өтті.

Шілде айында енгізілген шектеу шараларының оң әсерін одан әрі арттыру мақсатында, сондай-ақ, Қазақстандағы және шекаралас мемлекеттердегі эпидемиологиялық жағдайдың күрделене түсу ықтималдығын ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік комиссияға карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету арқылы екі аптаға ұзартуды тапсырды.

Дерек-көз: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)  
29.07.2020ж.

#### 31-шілде – 2-тамыз – Құрбан айт мейрамы

Биылғы Құрбан айт мейрамы 31-шілде – қасиетті жұмаға тура келіп, әдеттегідей үш күнге – 2-тамызға дейін созылады созылады. Дегенмен әлемді жаулап алған корорнавирус дертіне байланысты елімізде де шектеу шараларына енгізілуіне ора Құрбан айтты еліміз бойлап кеңінен тойлай алмайтыны белгілі. Дегенмен, жалпы әлеумет Айт мейрамдары торалы толық біле ме екен деген сауал әлі күнге көкейде жүргені рас. Осыған орай Айт мейрамдары туралы қысқаша түсінік бере кетуді құп көрдік. Себебі ел ішінде Құрбан айт туралы әртүрлі сөздер айтылып жүргенінен хабардармыз. Сонымен, Құрбан айт жайлы не білеміз?

Айт – арабшадан ана тілімізге аударғанда «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Айт намаздарының уәжіптігі құран мен сүндетке сүйенеді. Біріншісі – Рамазан айты, екіншісі – құрбан айт. Құрбан араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал шариғатта терминдік мағынасы «шарттармен санаса отырып, құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Құрбан айт-мұсылманның ұлық мерекесі. Құрбан айтта құрбандыққа мал шалу – Ханафи мәзһабында (шамасы жеткендерге ғана) уәжіп. Төмендегідей төрт шартқа ие жандарға Құрбан шалу уәжіп:

- Мұсылман болуы;
- Ақылды және балиғат жасына толуы;

Құрбан айт уақытында жолаушы болмауы;

Негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болуы. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын, яки соның құнына тең келетін ақша. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанымен, жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат.



Ибраһим (а.с) пайғамбар өзінен кейін халықты тура жолға бастайтын ізгі ұрпақ сұрап, көп жыл бойы Алла тағалаға жалбарынғанды. Бұл тілегі қарттық шағында болмасы бар ма?! Күндердің күнінде

Ибраһим пайғамбар түсінде баласын құрбандыққа шалғалы жатқанын көрді. Белгінің Жаратушыдан келгеніне көз жеткізген Ибраһим пайғамбар бұл белгіні орындауға бекемденеді. Ұлы Жаратушы әмірі қайткенде де сөзсіз орындалуы тиіс. Ақыр соңында тәуекелге бел буды «балам түсімде Алланың әмірімен сені құрбандыққа шалуға ниеттеніп, бауыздайтын деп жатыр

тушыдан келгенін жете ұғына білді. Сол үшінде қыңқ деместен, «кессең мойным міне» деп пышаққа түсті. Өттең, қанша қайралса да пышақ өтпей қор қылды. Соңында сынақтан да сүрінбей өтті-ау. Алланың өзі аян білдірді:

«Әй, Ибраһим! Сен көрген түсіңе адалдық таныттың. Міндетінді орындадың. Исмайылдың орнына құрбандық ретінде шаларсың деп қошқар түсірдім. Біз жақсы құлдарды осылай марапаттаймыз!» Иә, Алла тағала сынағаны болмаса, Исмайылды құрбандыққа шалуды қаламады. Ол тек Ибраһим пайғамбардың өзіне адалдығына, әмірін қалтықсыз орындауына тәнті болуды қалады. Нағыз тәуекел ете білудің үлгісін паш етті. Ибраһим пайғамбардың кезінде құрбан шалу қажылықтың бір шарты ретінде сүннетке айналып, соңғы елші хазірет мұхаммедке де (с.а.с) жетті. Осы кезден бастап құрбан шалу қажылықтың бір рәсімі ғана емес, бүкіл мұсылман жұртшылығына ортақ құлшылықтың түріне айналды. Құрбан шалу Алла елшісі (с.а.с) Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін, хижраның екінші жылы қажылықтан тыс мұсылмандарға да міндеттелді. Осы күндері айт намазын оқу және құрбан шалу уәжіп ретінде бекітілді.

Кіріп келген қастіетті мейрам – Құрбан айтымыз құтты да қабыл болсын ардақты жамағат!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

#### ТУҒАН КҮНІҢМЕН, СҮЙІКТІ ҚАЛАМ!

Барлық қала тұрғындарын, қала мен полигонды тағдырдың соқпағына байланысты өзіне жақын тартатын азаматтарды сүйікті қаламыздың туған күнімен құттықтаймыз!

Сонымен қатар бүгінгі күні қаламыздың көркейіп, гүлденуіне өз үлес-



терін қосып отырған, қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы жағдай жасап, өз еңбектерін сіңіріп отырған азаматтарды да қала күнімен құттықтаймыз!

Еңбектеріңізге жеміс, отбастарыңызға бақыт және дендеріңізге саулық тілеуші «Приозерский вестник» газетінің ұжымы.

#### С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ, ЛЮБИМЫЙ ГОРОД!

Поздравляем всех приозерцев с Днем рождения любимого города!

Всех, кто связан с ним неразрывными, невидимыми нитями судьбы!

Всех тех, кто оставил добрый след в жизни Приозерска и полигона!

Всех, кто трудится



сегодня на благо его процветания и комфорта для жителей и гостей!

С наилучшими пожеланиями, коллектив редакции газеты «Приозерский вестник».



## ПРАВСТВЕННЫЙ ОРИЕНТИР

К 175-летию Абая

К 175-летию Абая Кунанбаева Библиотека Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы подготовила виртуальную видеовыставку «Наследие Абая как нравственный ориентир».

Экспозиция представляет собой комплекс материалов из фондов личного архива Елбасы, музейного и книжного собраний библиотеки, иллюстрирует историю сохранения и популяризации философского, литературного, поэтического, музыкального наследия Абая.

– Ключ к пониманию смысла проведенной за годы независимости работы Первого Президента Казахстана – Елбасы по восстановлению исторической памяти и культурного наследия казахского народа наш современник найдет в многочисленных выступлениях и статьях Нурсултана Назарбаева, посвященных наследию Абая, – говорит Куляйша Актаева, заместитель директора Библиотеки Первого Президента РК – Елбасы.

Она отмечает, что каждое выступление Елбасы является самостоятельным научным исследованием, обнаруживает глубокие знания произведений основоположника казахской классической литературы, и вместе с тем это диалог с великим мыслителем. Как и каждый, кто относится с большим пиететом к философии Абая, Нурсултан Назарбаев искал ответы на многочисленные вопросы, которые были поставлены непременным временем становления молодой Республики Казахстан.

Важным элементом выстраивания государственной и национальной идентичности современного Казахстана, стремительно вошедшего в глобальное культурно-гуманитарное пространство, стала системная, последовательная деятельность Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева по продвижению наследия Абая далеко за пределами нашей страны.

Казахстан внес свой вклад в формирование духовных основ цивилизации, открывая миру философское, литературное, гуманитарное наследие Абая.

В 1993 году по поручению Нурсултана Назарбаева вице-премьер Куаныш Султанов передает специальное письмо генеральному директору ЮНЕСКО Федерико Майору с просьбой Казахстана включить в Календарь памятных дат ЮНЕСКО на 1995 год 150-летие Абая.

По традиции ЮНЕСКО отмечает только крупные даты великих юбилеев с

двумя нулями в конце, но в данном случае было сделано исключение, и ЮНЕСКО официально провозгласило 1995 год Годом Абая. О нашем великом поэте и мыслителе услышал весь мир. Абая чествовали в Париже, Анкаре, Дели, Пекине, Каире, Будапеште...

9 августа 1995 года в Алматы прошло главное мероприятие, связанное с празднованием юбилея Абая Кунанбаева. В город



для участия в нем прибыли гости из многих стран: Генеральный Секретарь ЮНЕСКО Федерико Майор, президент Азербайджана Гейдар Алиев, президент Кыргызстана Аскар Акаев, личный представитель президента и заместитель председателя правительства Российской Федерации Юрий Яров, президент Татарстана Минтемир Шаймиев и другие. Во Дворце Республики состоялось торжественное заседание. Доклад Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева «Слово об Абае» был выслушан с большим вниманием.

В своем выступлении Елбасы отметил: «Хорошо – проводить Год Абая. Благо – заучивать стихи Абая. Но еще прекрасней, если глубокие мысли и смелые открытия Абая не просто повторяются все в праздной беседе, а ложатся крепкими кирпичиками в основание наших повсе-

дневных дел. К этому следует неизменно стремиться. Только это и является единственным доказательством нашей верности мудрым заветам и наставлениям Абая, нашего проникновенного понимания и осознания сыновьяго долга перед памятью Учителя...»

10 августа торжественные мероприятия проходили на родине Абая – в Семипалатинске. В областном музыкально-драма-

тическом театре прошел торжественный вечер, посвященный 150-летию Абая, где присутствовали Федерико Майор и Нурсултан Назарбаев. 11 августа состоялось торжественное открытие нового мемориального комплекса в Жидебае.

В 1995 году Дом Абая был открыт в столице Великобритании Лондоне. Инициатором выступил писатель, драматург, переводчик, издатель, общественно-политический деятель Роллан Сейсенбаев.

В 2003 году Первым Президентом РК Нурсултаном Назарбаевым с участием Президента Турции Абдуллы Гюля в Стамбуле был открыт памятник Абая. В том же году в Стамбуле открылась Школа Абая, где сегодня обучаются больше 500 учеников.

2006 год был объявлен Годом Пушкина в Казахстане и Годом Абая в России. В

Астане и Москве были установлены бронзовые памятники поэтам. Московский памятник – дар Казахстана столице России. 4 апреля 2006 года его открывали Владимир Путин и Нурсултан Назарбаев.

15 октября 2007 года Нурсултан Назарбаев посетил в Тегеране национальную библиотеку Ирана, где открыл памятник Абаю Кунанбаеву.

14 июня 2013 года президенты Казахстана и Узбекистана Нурсултан Назарбаев и Ислам Каримов приняли участие в церемонии открытия нового здания посольства Казахстана и памятника Абаю. Появление в Ташкенте памятника великому казахскому просветителю стало свидетельством поступательного развития взаимоотношений между двумя странами.

Памятник Абаю был установлен в Венгрии по поручению Первого Президента Республики Казахстан в июне 2014 года – в одном из престижных районов Будапешта, где расположены центральные музеи и исторические объекты. В составе казахстанской делегации были представители родины великого мыслителя из Восточно-Казахстанской области. Молодые таланты области исполнили песни Абая на венгерском языке.

13 октября 2016 года в столице Египта состоялась торжественная церемония открытия памятника великому казахскому поэту, писателю и просветителю. Бюст установлен в одном из центральных парков Каира – Парке свободы и дружбы.

– Представленная ретроспектива увековечения памяти великого мыслителя, гуманиста позволяет осознать непреходящее значение творчества Абая не только для казахского народа, но и для всей современной цивилизации, – говорит Куляйша Актаева. – Казахский просветитель открыл своему народу мир во всем его многообразии, впервые познакомив своих земляков с классическими произведениями зарубежных писателей. Для граждан XXI века Абая – символ гуманизма без национальных границ, ставшего общепризнанной казахстанской моделью мира, свободного от насилия, проявлений национальной обособленности.

С материалами виртуальной видеовыставки «Наследие Абая как нравственный ориентир» можно ознакомиться на сайте Библиотеки Елбасы в разделе «Виртуальные выставки».

Источник: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)

### Үш тіл білу – заман талабы



Тіл қай ұлтта, қай елде болса да, қастерлі, қасиеті шексіз. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, дариды. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұрасы. Демек, әр адам өз ана тілін көзінің нұрындай қорғауы тиіс.

Бүгінде үштілділік ол заман талабына айналып отыр. Елбасы үш тұғырлы тіл саясатын жыл сайынғы Жолдауында нақты атап көрсетіп келеді. Үш тілді жетік

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮШ ТІЛДІ МЕНГЕРУ – БҮЛ ӨЗ ИГІЛІГІНІҢ КЕШІЛІ

менгерген тұлға қалыптастыру мақсатында балабақшадан бастап үштілділік саясаты жүзеге аса бастады.

XX ғасырда Абай атамның «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» деген нәрлі ақылын әрмен қарай «тіл игеру үшін тілек те керек, жүрек те керек деп жалғастыруы тағы да тілдің мән – жайына үстірт қарамай, үніле зерделеуді қажет етеді дегенді меңзейді.

«Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» дегендей көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетініне, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екендігі, қай елге барса да алдынан жасыл жарық жанып тұратыны белгілі жайт. Келешекте жеті жұрттың тілін біліп, мемлекеттің мүддесін қорғап, ұлттың мен жұртының жай-күйін әлемге дауысың жететін мінберден асқатата айтып тұратын дәрежеге жетуіміз керек.

Міне, сондықтанда еліміздің бәсекеге қабілетті елдермен теңесетін жағдайында осы үш тілді жетік менгерген білікті маманның қажеттілігі артатыны белгілі. Өз ана тілінен бөлек өзге тілдерді де қызығушылықпен менгеріп жүрген жастар да баршылық. Қазіргі заман жастардың көзі ашық, көкірегі ояу.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегенді де қосып айтқым келеді. Өйткені, олар өз елімен шектеліп қалмай, шет мемлекеттерге шығып, өз мүмкіндіктерін жіберіп алмауды мақсат санайды.

«Тіл – адамды көкке көтереді, тіл арқылы ол бақытқа жетеді» деп ұлы ғұлама Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, өз ана тілімен сусындап қана қоймай, сонымен қатар қазақ, ағылшын тілдерін де қатар менгеріп, көптеген жетістіктерге жеткен өзге ұлт өкілінің бұлдіршіндері де біздің «Айналайын» бөбекжайында баршылық.

Соның ішінде ерекше атап өтер болсам, бөбекжайымыздың тұлғалары Зайкова Надежда, Успенский Ильяны айтар едім. З.Надежда 2016 жылы Алматы қаласында өткен ұрпақ бойындағы ұлтжандылық пен патриоттықты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған Халықаралық «Ерлігі – елге мұра» атты байқауында «Катюша» әнін қазақ тілінде нақышына келтіре орындауымен, көрермендерді тәнті етіп, тамаша жоғарғы деңгейде өнер көрсетіп II орынды иеленген болатын.

«Еліміздің тізгіні білімнің қолында» екені аян, ендеше үш тілді жетік менгерген, жан-жақты білімді жастарымыз көбейе берсін. Сонда ғана еліміз өркендей түспектеп, сөзімізді түйіндегіміз келеді.

Ж.Ж. Кульмағамбетова,  
КМҚК «Айналайын» бөбекжайының  
I-санатты тәрбиеші

## БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ САЙЫС

Ағымдағы жылдың сәуір айында әскери қызметшілер балаларының арасында 44841 әскери бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз біргеміз» атты сурет байқауы өткізілді. Сурет байқауының негізгі мақсаты – елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты, балалар арасында бос уақытты тиімді пайдалану. Байқауға арнайы графикалық бағдарламалардың қолдануынсыз, балалардың қолымен салынған суреттер қабылданады.

Байқауға отбасымен жұмыс жасау секторының мүшелері белсене қатысты. Сурет байқауына байланыс ротасының аға маман-радиотелеграфшысы кіші сержант Н.Сарсенбаеваның ұлы Әділбай Ерсултанның табиғат жайлы салған суреті, МТКЕ ротасының аға медбикесі сержант Н.Копееваның қызы Кенесова Халиманың отбасы жайлы салған суреті, Кеңес Абдрахманның вирустан қалай қорғану керек тақырыбында және С.Нурғалиеваның ұлы Сейдкәрім Нұрсерік-

тің вируспен қалай күресу керек атты тақырыптағы суреттерін ұсынды. Сурет байқауының қорытындысы бойынша балалар арнайы сыйлықтармен және марапаттау қағаздарымен марапатталды.

Отбасымен жұмыс жасау секторының мүшелеріне белсенділік танытқандары үшін алғыс білдіреміз. Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбек-теріңізге табыс тілейміз!

Біз біргеміз!



ҚР ҚК 44841 әскери бөлімінің баспасөз орталығы

## ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Приозерск қаласында «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы аясында, жылу құбырын ауыстыру және жылу жүргізу жұмыстары жүргізілуде.

Котломаш» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Аталмыш серіктестік жоспарға сәйкес сапалы жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, осы бағдарлама



Ауыстыру құбырының жалпы ұзындығы 540 шаршы метрді құрайды. Оның ішінде: 430 шаршы метр Д-426 құбыры, 110 метр Д-530 жылу құбыры ауыстырылуда.

Мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібі арқылы жүргізілген конкурстың қорытындысы бойынша «Қарағанды-

аясында қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген 6 азамат жұмысқа тартылып, ай сайын жалақы төленуде.

«Приозерск қаласының ТКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі» ММ

### Акция

## «ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің әкімшілік тәжірибе офицері әділет аға лейтенанты Н.Р.Мухамед 2020 жылдың шілде айының 10 мен 25 аралы-

аясында «Әкімшілік құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік» акциясын өткізді, өткізілген акция барысында құқық бұзушылыққа қатысты «ЕСКЕРТПЕ ПАРАҚТАРЫ» таратылды, сондай-ақ әрбір әскери қыз-метшімен жеке сұхбат өткізілді және әскери бөлімдердің басшылықтарымен бірлесе рейдтік іс-шаралар жүргізілді.

Атқарылған іс-шаралар барысында әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптары жеткізді және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершіліктің түрлерін айтып жеткізді. Сонымен қатар, «Тәртіпке бас иген – құл болмайды» тақырыбын барлық санаттағы әскери қызметшілерді тәртіпке және құқық бұзушылықпен бірге күресуге шақырды.

Н.Р. Мухамед,  
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің әкімшілік тәжірибе офицері  
әділет аға лейтенанты

### Арнайы акция

## ҚҰМАР ОЙЫНҒА ЖОЛ ЖОҚ

2017-2021 жылдары «Армияда қылмысқа орын жоқ» бағдарламасын, әскерлерде әскери және құқықтық тәртіпті нығайту бойынша алдын-алу іс-шаралары жүзеге асырылуда. Осыған байланысты 2020 жылдың 13 шілдесі мен 13 тамыз аралығында «Құмар ойынға жол жоқ» атты акция өткізілуде.

Аталған акцияның басты мақсаты гарнизонда құмар ойындарға тәуелді әскери қызметшілерді анықтау, олармен алдын-алу іс-шараларын жүргізу және де әскери бөлім басшыларына анықталған әскери қызметшілер туралы тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында, ондай әскери қызметшілер бар екені туралы хабарлау, бөлім басшылығымен бірлесе құмар ойындарға жақын әскери қызмет-



шілерді анықтау болып саналады. Акция барысында Приозерск гарнизонының әскери қызметкерлері арасында алдын алу іс-шаралары да қоса атқарылуда. О. Тлемисов,  
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімі анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер-анықтаушысы  
(криминалисті) ЛУА кіші сержант

## ПОМОГУТ ВСЕМ, КОМУ ТРУДНО

Продукты питания и средства гигиены на общую сумму свыше полутора миллиона тенге получили малоимущие и многодетные семьи из Приозерска. В городе продолжают благотворительные акции «Біз біргеміз».

По словам руководителя молодежного ресурсного центра Улана Алмаса, в это

нуждающиеся получили 3,7 тонны продовольственных товаров. Это мясо, крупы, овощи, макаронные и хлебобулочные изделия, молоко, подсолнечное масло, чай. Также антисептические средства и хозяйственные товары.

Кроме того, добровольцами был организован пошив многоразовых масок.



непростое время, когда многие люди нуждаются в помощи, мало, кто из горожан остается равнодушным к чужой беде.

- Акция, инициированная Нурсултаном Назарбаевым, на территории нашего города началась еще в марте, - рассказывает он. - Благодаря поддержке представителей малого и среднего бизнеса, партии «Nur Otan», при участии молодежного ресурсного центра и корпуса волонтеров «ASAR» нам удалось провести 29 акций.

Помощь поступила многодетным и малообеспеченным семьям, одиноким и пожилым людям, людям с ограниченными возможностями. На сегодняшний день 256

Свыше двух тысяч штук распределили среди социально-уязвимых слоев населения.

-На первый взгляд - все это простые вещи, - говорит Улан Алмаса. Но это требует много сил и времени. И здесь просто неоценимую помощь оказывают волонтеры. Очень радует, что и жители нашего города очень отзывчивые. И по первому зову готовы помогать тем, кому сейчас трудно.

По заказу ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск»

### Сот залынан

## ЗАҢСЫЗ БАЛЫҚ АУЛАҒАНЫ ҮШІН ЖАЗАҒА ТАРТЫЛДЫ

Приозерск қалалық сотында ҚР ӘҚБтК 383-бабының 3 бөлігімен (әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қоспағанда, тыйым салынған мерзімдерде, тыйым салынған құралдармен немесе тәсілдермен, тыйым салынған жерлерде балық аулау қағидаларын, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру қағидаларын қылмыстық жазала-

балықтарды атап айтқанда табан 10-дана 5,34 кг, акмарқа (жерех) 58-дана, 18,58 кг, берш 17-дана, 3,36 кг жалпы құны 100 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердебалықтарды аулап жүргені анықталған, яғни тыйым салынған мерзімде, тыйым салынған құралдармен балық аулаған, сол іс-әрекетімен Балық аулау ережелерін өрескел бұзған.

Сотта түсінік берген құқық бұзушы азамат Ж.К.Ержанов өзінің кінә-сін толық мойындап, тыйым салынған жерлерде балық аулағанын растаған.

Азамат Ержанов Жанболат Кездикбаевич ӘҚБтК-нің 383-бабының 3 бөлігімен қарастырылған құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған әкімшілік жаза ретінде мемлекет пайдасына 20 (жиырма) мың теңгеге әкімшілік айыппұл салынды және әкімшілік құқық-бұзушылық заттары және (немесе) құралы болып табылатын дәлелді заттар балықтар табан 10-дана 5,34 кг, акмарқа (жерех) 58-дана, 18,58 кг, берш 17-дана, 3,36 кг, балық аулау құралдары қозғалатын «Казанка ЕМ-5» маркалы қайықты және қайықтың «Yamaha 25» маркалы қозғалтқышы мемлекет пайдасына тәркіленді, ұзындығы 500 метр капронды ау жойылды.

Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі



натын іс-әрекет белгілері жоқ өрескел бұзу қарастырылған құқық бұзушылық) азамат Ержанов Жанболат Кездикбаевичке қатысты әкімшілік іс түсті.

29.04.2020 жылы сағат 15:20 шамасында Приозерск қаласы бұрынғы «Тюльпан» жастар лагері аумағында Балқаш көлінде азамат Ж.К.Ержанов балық аулауға тыйым салынған мерзімде, яғни уылдырық шашу кезеңінде шамамен 500 метрді құрайтын капронды аумен «Казанка ЕМ-5» маркалы қайықты пайдаланып, әр түрлі



Ардагерлерге көмек

Дөңгелек үстел

## «ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Приозерск қаласында «Ардағым-ардагерім» акциясы аясында «Тегін дәрі-дәрмек» акциясы жалғасын тапты.

жиынтықта бетперделерден бастап, дене қызуын түсіретін дәрілерге дейін, сондай-ақ жөтелді басатын дәрі-дәрмек те бар.



29 шілде күні арнайы тізімге сәйкес қаламыздың жалғызбасты ардагерлеріне тегін дәрі-дәрмек таратылды. Жиынтық пакетте 10-нан астам түрлі дәрі-дәрмектер салынған. Дәрігердің арнайы рецептісіз берілетін дәрі-дәрмек пен дәрумендер. Әр

Ұйымдастырушы - Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы мен «24 сағат» дәріханасы. Демеуші - Приозерск қаласының жастары. Жеткізіп беруші - Жастар ресурстық орталық жанындағы «ASAR» волонтерлық корпусы мен «Жас Отан» ЖҚ еріктілері! Еріктілер дәрілер жиынтығын карантин талабына сай жеткізіп берді.

Ардагерлерімізге көмек қолын созып, осындай қиын уақытта қолдау көрсету - бәріміздің ортақ міндетіміз, патриоттық парызымыз!

Акцияның ұйымдастырылуына қаржылай атсалысқан жастарға алғысымызды білдіреміз!

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» ММ

## БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Приозерск қаласының әскери полиция қызметкері лейтенант Урумбетов Жанғали Азаматович және аға лейтенант Ахмедулла Ильяс Сайлауұлының қатысуымен ағымдағы жылдың маусым айында Приозерск қаласының 44841 әскери бөлімінің әскери қызметшілердің отбасымен жұмыс жөніндегі қызметтің мүшелерімен «Бала тәрбиесі – ұлт болашағы» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті.

Қазіргі таңда бүкіл адамзат баласын толғандырып отырған ең өзекті мәселе жас ұрпақ тәрбиесі болып табылады. Өйткені кез-келген ұлт ертенгі күнге деген сеніммен өмір сүреді. Егер ұлттың келешегі кемел болмаса, ұлттық салт-дәстүрлері мен рухани мұраларын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы ізбасары болмаса, оның болашағы тұманды.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қолында, жас ұрпақтың тағдыры ата-аналардың қолында. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі қарқынды белең алып келеді. Осындай жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу қажет. Әрбір бала ұлттың болашағы екенін терең сезінуге тиісті. Сол себепті

бүгінде баршаның міндеті – әдеп-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, болашаққа жеткізе білетін, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақ өсіру болып табылады. Тәрбие мәселесінде ата-ананың жауапкершілігін арттыру күн тәртібінен түспейтін мәселе. Жасөспірімнің білімді, мәдениетті болып өсуі ата-ананың қамқорлығына байланысты.

Дөңгелек үстел барысында бала тәрбиесі жайлы әңгіме-сұхбат өрбіді. Сұрақ-



тар қойылып, жауаптар берілді.

ҚР ҚК 44841 әскери бөлімінің баспасөз орталығы

### ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы салықтың негізгі сомасын төлеу шартымен жеке тұлғаларға айыппұлдарды есептен шығару туралы салықтық туралы хабарлайды.

Мүлік салығы мен жер салығын төлеу бойынша 2019 жылға міндеттемелерді қоспағанда, салық төлеуші – жеке тұлға 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша 2020 жылдың I қаңтарына дейін қалыптасқан негізгі берешектерін төлеу шарты кезінде өсімпұлдарды есептен шығару салықтық рақымшылық жасау көзделген.

Салық төлеушінің 2020 жылдың I сәуіріндегі жағдай бойынша жеке шоттарда есептелген өсімпұл сомасы, сондай-ақ оны төлеуге дейінгі осындай берешек сомасы белгіленген өсімпұл сомасы есептен шығарылады. Берешек сомасы төленген салық бойынша ғана өсімпұл есептен шығарылады.

Мұндай жағдайлар жеке кәсіпкер ретінде тіркелген және жеке практикамен айналысатын тұлғаларға қолданылмайды. Аталған тұлғалардың салық міндеттемелері кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың немесе кәсіпкерлік қызметіне байланысты болмаған жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Байланыс телефоны: 8(71039) 7-00-42, 87025256166 (Айдана), 87782059565 (Мадина).

### ВНИМАНИЮ ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ!

Управление государственных доходов по городу Приозерск сообщает о проведении налоговой амнистии для физических лиц по списанию пени при условии уплаты основной суммы налога.

При условии уплаты налогоплательщиком - физическим лицом до 31 декабря 2020 года суммы недоимки, образованной по налогу на имущество, земельному налогу и налогу на транспортные средства за налоговые периоды до 1 января 2020 года, за исключением обязательств по уплате налога на имущество и земельного налога за 2019 год, подлежит списанию сумма пени, числящаяся на лицевом счете налогоплательщика по состоянию на 1 апреля 2020 года, а также сумма пени, начисленная на сумму такой недоимки до даты ее уплаты, включая день уплаты. Пеня списывается по тому виду налога, по которому уплачена недоимка.

Данные условия не распространяются на лиц, состоящих на регистрационном учете в качестве индивидуального предпринимателя, и лиц, занимающихся частной практикой, за исключением случаев, когда налоговые обязательства таких лиц не связаны с осуществлением предпринимательской деятельности, деятельности частного нотариуса, частного судебного исполнителя, адвоката или профессионального медиатора.

Контактный телефон: 8(71039) 7-00-42, 87025256166 (Айдана), 87782059565 (Мадина).

Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

Управление государственных доходов по городу Приозерск

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МІНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМПЛЕТІ

### ҚАЗАҚСТАНДА ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДЫ ЕНГІЗУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап

- жауапты мемлекеттік лауазымдағы адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы);
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы);
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы);
- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және «Сыйбалас желжорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес декларация ұсыну жөніндегі заңдағ жүйеленген адамдар.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап

- мемлекеттік мекемелердің жәрмеңкелері мен олардың жұбайы (зайыбы), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жәрмеңкелері мен олардың жұбайы (зайыбы)

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап

- заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайы (зайыбы), дара кәсіпкерлер және олардың жұбайы (зайыбы)

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап

- халықтың қалған санаттары

толығырақ [www.kkd.gov.kz](http://www.kkd.gov.kz) сайтында және 141 нөмірі бойынша.

КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### ЭТАПЫ ВНЕДРЕНИЯ ВСЕОБЩЕГО ДЕКЛАРИРОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

С 1 января 2021 года

- лица, занимающие ответственную государственную должность, и их супруги;
- лица, уполномоченные на выполнение государственных функций, и их супруги;
- лица, приравненные к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, и их супруги;
- лица, на которых возложена обязанность по представлению декларации в соответствии с Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и законами Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», «О страховой деятельности», «О рынке ценных бумаг».

С 1 января 2023 года

- работники государственных учреждений и их супруги, а также работники субъектов квазигосударственного сектора и их супруги

С 1 января 2024 года

- руководители и учредители юридических лиц и их супруги, индивидуальные предприниматели и их супруги

С 1 января 2025 года

- оставшаяся категория населения

подробнее на сайте [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) и по номеру 1414.

“Настоящий патриотизм не тот, который суется и чванится в торжественные минуты, а тот, который ежедневно и неутомимо заботится об общем благе и не бахвалится этим.”

А. Граф (итальянский поэт, историк)

### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. – 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prz\\_westnik.kz](http://www.prz_westnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 31/675. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.